

The cover features a light blue background with a diagonal band of a darker blue color running from the bottom-left towards the top-right. The title is centered within this band.

# *Діни экстремизм*

Бекітемін:  
Мектеп директоры  
Бекмагамбетова А.Ж.



**Діни экстремизм, терроризмге қарсы жұмыс жоспары**  
**Оқушылармен, ата-аналар арасында діни экстремизм, терроризм туралы түсінік жұмыстарын жүргізу**  
**арқылы ой-өрістерін дамыту, ақпараттандыру бағытындағы психологиялық жұмыстар**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Мақсаты:** Жасөспірімдердің әр түрлі радикалдық ағымдарға ілесудің алдын-алу. Дін, имандылық туралы түсінік жұмыстарын жүргізу. Діни сауаттылықтарын дамыту.

Р/с	Жұмыстың мазмұны	Жүргізілу формасы	Мерзімі	Зерттеу әдістемесінің мақсаты, әдістемені ұсынушы	Кіммен жүргізіледі	Жауапты маман
<b>I. Психодиагностикалық бағыт.</b>						
1	Менің дінге деген көз қарасым	Эссе	29.09	Оқушылардың «дін» туралы түсініктерін білу, діни көзқарастарын анықтау	5-9 сыныптар	Дінтану мұғалімі Шавалиева М.Ш
<b>II. Консультациялық бағыт.</b>						
1	Діни экстремизмнің алдын алу	Дөңгелек үстел	20.10	Оқушылардың миының шапшаң уланып қалатындығын ескерте отырып, экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерден аулақ жүруге баулу	9-11 сыныптар, ата-ана	Дінтану мұғалімі - Шавалиева М.Ш
<b>III. Ағартушылық – профилактикалық бағыт</b>						
1	«Дін тәрбие дінгегі»	Кенес беру	15.03	Оқушыларға бастарына кнйндық туған кезде жат ағымның жетегіне еріп кетпеулеріне байланысты кенестер беру	9-11 сыныптар, ата-ана	Психолог – Палагута А.М Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш
<b>IV. Түзету – дамытушылық бағыт.</b>						
1	Діни ағымдағы оқушылардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын жақсартуға арналған тренингтер Діни экстремизмнен төнген қауіп	Тренинг	Тоқсанына 1 рет	Оқушылардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын жақсарту	9-11 сыныптар	Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш
2	Мен және менің достарым	Тренинг	26.04	Діни ағымдағы оқушылардың ортасын бақылап, достарымен байланысты нығайту	5-11 сыныптар	Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш
<b>V. Әлеуметтік – диспетчерлік бағыт.</b>						
1	Қазіргі қоғамдағы лаңкестік пен экстремистікіс – әрекеттердің алдын алу	Кенес беру	Тоқсанына 1 рет	Оқушыларға қазіргі қоғамдағы мәдениетке, өркеніетке қарсы ұйымдар, олардың кері әсері туралы ақпараттар беріп отыру, баланың бойында экстремистік көзқарастар мен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастыру	5-11 сыныптар, ата-ана	Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш

Сынып жетекшінің аты-жөні	Психолог –Палагута А.М Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш	
Күні:	15.03	
Сынып	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сынып сағатының тақырыбы	«Дін тәрбие дінгегі»	
Тәрбие жұмысының бағыты		
Мақсаты	Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру;	
Бағалау критерийлері:		

### Тәрбие сағатының барысы

Барысы	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
<p><b>Кіріспе</b> <b>10 мин</b></p>	<p>- Терроризм не екендігі туралы біздің заманымызда айтылған сөз көп. Бұл сөздің анықтамасы адамдар мен қоғамға байланысты әртүрлі болады. Мысалы, көптеген тұлғалардың анықтамасы бойынша «терроризм» сөзі өзінің ұғымында джихалты, муджахидтарды, шариғат елдерінде жаза қолдануды қамтиды. «Терроризм» – араб тілінде «ирхаб» сөзімен аталады, мағынасы – «қорқыту». Терроризм мен діни экстремизм адамзат баласына қауіп пен қатер төндіретін ұйымдар. Олар өз мүдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады. Билік пен байлыққа қол жеткізу үшін ештеңеден тайсалмайды. Билікті орнынан кетіріп, дінді сылтау етіп, адамдар өміріне қауіп ұялатады. Қоғам арасында алауыздықты тудырып, тыныштықты бұзады. Ендеше біз бүгінгі тақырыбымызда «терроризм» ұғымы туралы кеңінен түсінік алатын боламыз.</p> <p><b>I. Ой қозғау.</b></p> <p>- Оқушылар, «терроризм» деген сөзді айтқанда ең бірінші ойларына не келеді?</p> <p>- Террорлық іс - әрекеттерден зардап шегетін кім? ( Ойларын дәптерге жазады)</p>	
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>25 мин</b></p>	<p><b>II. Мағынаны тану.</b></p> <p><b>1. Терроризм</b> - [ лат. terror - қорқыныш, үрей] - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII сонында ұлы француз төңкерісі кезінде яacobиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды.</p> <p><b>2. Пікірталас.</b> «Террорлық әрекеттердің белең алуы неліктен?»</p> <p>А) Бұл іске қандай адамдар барады?</p> <p>Ә) Террористік іс - әрекеттер тек ер адамдарға қатысты ма?</p> <p><b>Оқушылар өз ойларын айтады:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Діни секталардың таралуы;</li> <li>- Ашық дипломатиялық саясатымызды пайдаланып, заңсыз секталардың енуі;</li> <li>- 18 - 30 жас аралығындағы ешқандай діни, саяси, қоғамдық пікірі қалыптаспаған, имандылық, патриоттық сезімдері жетілмеген жастар барады.</li> </ul>	
<p><b>Қорытынды</b> <b>10 мин</b></p>	<p>- Террористік іс - әрекетке тек ер адамдар емес, әйел адамдар да барады. Қазіргі кезде жанкешті - мерген әйел адам</p>	

	<p>қазіргі заманда экстремизм, террор діни саналуы қынжылтады. Исламдағы ағымдар туралы оқушылардың айтқан пікірлері</p> <p><b>«Салафиттер»</b> немесе салафилер 7 шөлпек пісіруге, бейіт басына баруға, ата – баба басында Құран бағыштауға қарсы. Атырау қаласында кең тараған. «Салафи» сөзі Құранның бірнеше жерінде кездеседі. Негізінен «алдыңғы өткендер», «бұрынғылар» деген мағынаны береді. Ал қазіргі заманның салафилерінің іс – әрекеттері Құран Аяттарын өз беттерінше өзгертіп алған.</p>	<p>«Рубикон», «Пеформия»</p> <p><b>3 – бөлім « Дін және заң »</b></p> <p>«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңнан үзінді</p> <p><b>Мемлекеттік билікке діни бірлестіктердің араласуына жол берілмейді.</b></p> <p><b>Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің қызметіне заңсыз араласа алмайды.</b></p> <p><b>Діни бірлестіктерге партия ретінде құрылуына жол берілмейді.</b></p> <p><b>Мемлекет діни бірлестіктерді қаржыландырмайды.</b></p> <p><b>Белгілі бір дінді мемлекеттің білім бағдарламаларына арнайы пән ретінде енгізуге болмайды.</b></p> <p><b>Білім беру орындарында дінтану пәндері танымдылық негізде өткізілуі мүмкін.</b></p> <p><b>«Дарс Салам» діни бірлестігінің еліміздегі іс – әрекеті сот шешімімен заңсыз деп танылып, бірлестік, бірлестік жұмысы тоқтатылады.</b> Сондай – ақ «Грейс» евангелді – христиан миссионерлік діни бірлестігінің жетекшісі 14 – жылға бас бостандығынан айырылды.</p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p><b>Дін және уақыт</b></p> <p>«Ел мен дін мұраты –ынтымақ пен бірлік»</p> <p>Тоғыз інжу әдісі.</p> <p>Теріс бағыттағы діни ағымдар...</p> <p>Елдің тәуелсіздігіне қарсы бағытталған әрекет.</p> <p>Әрбір адам абай болатын аса қауіпті бағыт.</p> <p>Заманның жаңа ағымының туындаған бағыттар.</p> <p>Діни сауаты бар адамдардың мазасыздануына тұрарлық мәселе емес.</p> <p>Мектеп оқушылары үшін аса қауіпті.</p> <p>Ұлтты ұлт ретінде мойындамайды.</p> <p>Мың жылдан бері ұстанып келе жатқан ата – бабамыздың дәстүрлері діни жокка шығармайық!</p>		

	<p>Ислам діні бейбітшілікті дәріптейтін бірлік діні екендігін ұмытпайық!  Дін дененіміз – ұлы сенім, ғылым анасы. Ал сенім – адамзаттың тірегі.  Әрбір ұрпақ келесі өзінен кейінгі ұрпаққа ізетті, игілігі мол жақсы өмір жолын тастап кетуі ләзім екендігін есімізде ұстайық!</p>		
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p style="text-align: center;"><b>Көкірегіңе түйіп ал!</b></p> <p><i>Мың жылдан бері ұстанып келе жатқан ата - бабамыздың дәстүрлі дінін жоққа шығармайық!</i></p> <p><i>Ислам діні бейбітшілікті дәріптейтін бірлік діні екендігін ұмытпайық!</i></p> <p><i>Дін дегеніміз – ұлы сенім, ғылым анасы. Ал сенім – адамзаттың тірегі.</i></p> <p><i>Әрбір ұрпақ келесі өзінен кейінгі ұрпаққа ізетті, игілігі мол жақсы өмір жолын тастап кетуі ләзім екендігін есімізде ұстайық!</i></p>		

Бекітемін.

Тәрбие ісінің меңгерушісі:

Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Дінтану мұғалімі- Шавалиева М.Ш	
Күні:	20.10	
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	Діни экстремизм мен терроризм әлемге төнген қауіп	
Құндылық		
Максаттары	рухани адамгершілік құндылықтарды зерделей отырып теріс ағымдарға бағытталған көзқарастардан бас тартуға, өзіндік дұрыс бағдарын таңдауға ықпал жасау:	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Діни ағымдар деген не?                      Теріс ағымдарға заң не дейді?                      Біздің елімізде қандай ағымдар кездеседі?                      Ағымдар туралы Ислам не дейді?                      Осы сұрақтардың жауабын толығымен оқушылаға түсінік беру.                      Ислам дінінде зорлық – зомбылық жоқ Ислам діні сенім бостандығының кепілі дер едім.                      Себебі тарихтан білетініміздей мұсылмандар билеген елдерде өз халықтарын түгелдей зорлықпен Ислам дініне ауыстыру әрекеті болмаған. Кейбір адамдар «Ислам діні кертартпа, демократияға сәйкес келмейді, ұштаспайды» деген пікірлер айтады. Мен айтар едім нағыз демократия Исламда. Мысалы, ел билеу ісіне Құран Кәрім насихаттайтын маңызды екі қағида бар. Бірінші қағида – билікті сайлау, екінші қағида – ел басқаруда кенесу. Осыдан біздің дініміздің орыны ерекше дер едім.                      Шынай мұсылман әділетсіздікті көре тұра бұғып қалмай, шындық жолында тайсалмай батыл болады. Игі істер жасайды. Ислам діні жағымсыз қаракет жасап, жаңсақ басқан адамды жұрттың көзігше жер – жебіріне жетіп сөккен емес.  <b>2 –бөлім Абайла, адасу!</b>                      Өзге елден келен теріс жолды насихатташылар елімізде көбеюде. Ұлтымыздың салт – дәстүріне қарама- қайшы пікірлер айтылады. Ислам дінін жамылып ислам құндылықтардың жоққа шығарып шет елден келген секта миссионерлері өздерінің қара ойларын іске асыруда. Олардың саны өкінішке қарай көбеюде. Олар жастар мен мектеп жасындағы балаларды теріс бағытқа тәрбиелеуде. Исламдағы теріс діни</p>	<p><b>Теріс бағыттағы діни ағымдардың мақсаты</b>                      1.Басқа діндерге нұқсан келтіру, адамдарға деген жиіркенішті сезім тудыруды уағыздау.                      2.Адам ойына үстемдік жүргізу.                      3.Мемлекеттің, отбанының бірлігін, тыныштығын бұзу.                      4.Халықтың патриоттық қатынастарын бұзу.                      5.Мемлекеттің тәуелсіздігіне нұқсан келтіру және мемлекет заңдарына бағынбау.  <b>Саентология деген не?</b>                      Бұл өз мүшелерінен ақша сұрауды мақсат қоятын сектаның бірі.                      Американдық Рон Хаббард пен негізгі қаланған бизнес – құрылым. Олардың сырт көзге білінбейтін гипнозбен, зомбыландырумен адамда ішкі психологиялық сәттілік сезімі пайда болады.                      Сектаға тартылған адамдардың психологиялық күйі күннен күнге асқына береді. Нәтижесінде психиканын ауыр бұзылуына алып келеді. Саентология ілімдерін қолданатын бизнес – мектептері: «Дианетика», «Н</p>	

## Анықтама

### Діни экстремизмге қарсы әдістемелік материалдар жинау, және жадынамалар тарату бойынша

15.11.2023 ж

#### Мақсаты:

Жадынамалар тарату арқылы толық мағұлмат беру. Оқушыларға экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру;

Діни экстремизм – кез келген діннің көлеңкелі, қараңғы, қауіпті жағы. Діннің атын жамыла отыра аморальді көзқарастар мен принциптерді қорғайтын, жекелеген адамдардың немесе бүкіл қоғамның мүдделеріне зиян келтіруге әкеп соғатын дүние. Ол демократия мен азаматтық қоғам институттарының қалыптасуы мен дамуына қарсы тұратын негативті фактор.

Діни экстремизм тікелей діни секталар мен деструктивті ағымдармен байланысты. Мұндай діни ұйымдар өздерінің жымысқы пиғылдарын дінге деген қызығушылық пен жанашырлықтың артына ғана жасырып, іс жүзінде деструктивті идеяларды насихаттайды. Осындай пропогандалық жұмыс арқылы адамның санасын улап, оны тұлға ретінде бұзады.

Нәтижесінде, экстремистік көзқарастарды насихаттаушы деструктивті ағым ұстанушысы айналасындағы адамдардың құқықтарын аяққа таптап, діни жанжал туғызады. Мұндай азаматтар дінаралық мәселелерді саяси келеңсіздікке айналдыру арқылы оларды конфликт қоздыратын құрал етіп пайдаланады.

Оқушылар арасында қазіргі таңда әлемнің түкпір –түкпірінде болып жатқан діни экстремизм және терроризмнің алдын-алуға байланысты сұрақтар қаралып талқыланды.

Оқушыларға «Хиджап, паранжа, қысқа балақты шалбар кию, сақал қою» мәселелерін түсіндіріп өтті. Дүние жүзінде діндердің таралуы бойынша біраз мәліметтер берілді. Жадынамалар таратылып ,толық мәліметтер берілді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.

 Аманбай А.

## Анықтама

### Кітапхана қорындағы рұқсат етілмейтін діни танымдық әдебиеттер тізімін анықтау бойынша

#### Мақсаты:

1. Оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу.
2. Оқушылардың діни көзқарасын қалыптастыру.
3. Оқушыларға «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру.


Осы мақсатқа сүйене отырып, мектебімізде діни экстремизмнің алдын алу мақсатында жылдық жоспар құрылды. Жоспар негізінде жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда дінді жеткізудің әртүрлі құралдары бар. Оның ішінде баспа өнімдерінен бөлек ғаламтор арқылы, әлеуметтік желілер, тағысын тағы да дегендей. Жоғарыда айтылған барлық құралдар бүгінгі таңда мемлекеттің назарында. Жыл сайын тиісті органдар тарапынан дінтану сараптамасы арқылы мыңдаған әлеуметтік желілерде ашылған паракшалар мен діни сайттар жабылып, жүздеген діни әдебиеттер дінтану сараптамасынан өтпей жатыр. Бір ғана себеп, олардың жазбалары мен идеологиясы қоғамда іріткі салуы мүмкін.

Есте сақтайтын жайт, елімізде діни әдебиетті немесе діни мазмұндағы басқа да материалдарды кез келген жерде сатуға және таратуға заң бойынша рұқсат етілмеген.

Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де материалдарды, діни мақсаттағы заттарды әкелуге, әзірлеуге, шығаруға, басып шығаруға және (немесе) таратуға болмайды.

Мектебіміздің кітап сөрелерінен рұқсат етілмейтін діни танымдық әдебиеттер кездеспеді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.

 Аманбай А.




## Анықтама

### Мектеп ғимараты мен ауласына бөгде адамдардың келуін бақылауға алу бойынша

**Максаты:** Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, ланкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу;

Балаларды оқыту кезінде мектеп өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдар үшін қауіпсіз атмосфераға саналы және жауапты көзқарасты қалыптастыруы керек. Бұл көбінесе оқушының күнделікті мінез-құлқына байланысты. Мектептерде әдеттегі немесе төтенше жағдайларда балалардың қауіпсіз мінез-құлқы, сондай-ақ зардап шеккендерге көмек көрсету теориясы мен практикасы оқытылуы тиіс. Бастауыш мектеп оқушылары танысатын Мектептегі қауіпсіздік негіздері – бұл күн тәртібі және гигиена ережелері, салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау және нығайту, жол қауіпсіздігі ережелері, өртке қарсы қауіпсіздік, төтенше жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері. Балаларды қоршаған әлем, қауіпсіз мінез-құлққа үйретеді, күрделі жағдайлардың туындау себептерімен және олардың алдын алу тәсілдерімен таныстырады. Оқушылардың әл-ауқатының сақталуын қамтамасыз ету үшін мектепте мынадай қауіпсіздік шаралары әзірленуі тиіс: өмір мен денсаулықтың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары  Султаналина А.Б.

 Аманбай А.

«Ақмырза ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
2023-2024 оқу жылы бойынша «Мектеп оқушылары арасында деструктивті діни  
идеологияның таралуын болдырмауға бағытталған іс-шараларды»  
бақылау нәтижесі туралы

## АНЫҚТАМА

**Бақылау тақырыбы:** Мектеп оқушылары арасында деструктивті діни идеологияның таралуын болдырмауға бағытталған іс-шаралар

**Бақылау мақсаты:**

- ақпараттық – түсіндіру іс-шараларының жүргізілуі;
- психологиялық кеңестердің берілуі;
- террористік белсенді аймақтан оралған оқушыға психологиялық, консультациялық және әлеуметтік көмектің көрсетілуі.

**Бақылау объектісі:** жоспарланған

**Бақылау субъектісі:** анықтама

**Бақылау түрі:** тақырыптық

**Бақылау нысаны:** 8-9-10-11 кластар және террористік белсенді аймақтан оралған мектепалды дайындық класының тәрбиеленушісі

**Бақылау әдістері:** т әлеуметтік роликті талқылау, әңгімелесу т.б.

**Жауаптылар:** класс жетекшілер, ұйымдастырушы- педагог

**Орындау мерзімі:** желтоқсан айы

**Қорытындысы:**

Соңғы кездері деструктивті діни ағымдар кең таралуда, діни сауатсыздықтан кереғар дүние жасап жатқандардың ішінде жасөспірімдер де жиі кездеседі. Осы орайда мектеп оқушылары арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, кереғар діни ағымдардың зияндылығын түсіндіру, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңын түсіндіру мақсатында мектепте арнайы ақпараттық - түсіндіру тобы құрылды. Аталмыш топ мектепшілік жоспарға сәйкес ақпараттық - түсіндіру іс-шараларын жүргізуге ат салысуда.

Ақпараттық түсіндіру тобы мен класс жетекшілер бірлесе мектеп оқушылары арасында деструктивті діни идеологияның таралуын болдырмауға бағытталған төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырды:

- Кездесуге жоғары кластың 33 оқушысы және 7 класс жетекшісі қатысты. Кездесу барысында дін мәселесі бойынша мемлекеттік саясат насихатталып, діни сауаттылықтың маңыздылығы түсіндірілді. Мектеп оқушылары арасында деструктивті діни идеологияның таралуын болдырмау туралы теолог кеңесі тыңдалды;
- Класс жетекшілер класс оқушыларының теріс пиғылды діни идеологияны қабылдамауын қалыптастыруға бағытталған тақырыптық роликтерді, деректі фильмдердің қашықтықтан көрсетілуін ұйымдастырды (*ватсап желісі арқылы роликтер, деректі фильмдердің ссылқасы жіберілді*);
- Қараша айында 8-9-10 класс оқушыларына шынайы оқиғаға негізделіп, діни экстремизм мен радикализм туралы түсірілген «На краю» және «Текетірес» көркем фильмдерінің қаралуы ұйымдастырылып, класс жетекшілері оқушылардың пікірлерін тыңдады;
- Ақпараттық топтың басшылығымен класс жетекшілер діни экстремизм мен терроризмді насихаттайтын әлеуметтік желідегі сайттар мен республика аймағында тыйым салынған террористік және экстремистік діни ұйымдардың тізімі жаднамаларын класс оқушыларына таныстырды (*жаднама жіберілді*);
- Ақпараттық топ мүшелері мектеп медбикесі Придуха Я.В бірлесе екпе алмай отырған оқушылардың ата-аналарымен түсіндіру жұмысын жүргізіп, екпенің маңыздылығы туралы ақпаратпен таныстырды;

Психодиагностика бағыты бойынша оқушылардың жекелік ерекшеліктері зерттеліп, оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктері бақылау картасын толтыру арқылы бақыланып, қалағаланды. Өткізілген психодиагностика нәтижелені класс жетекшілеріне

таныстырылды. Коррекциялық бағыт бойынша «Қиындыққа төзу», «Стресспен қалай күрсеу керек?», «Күлімде, өмір ғажап!» тақырыптарында психологиялық сағаттар өткізілді. Ағартушылық жұмыс бағыты бойынша оқушыларға «Сенім» жәшігі, «Сенім» телефоны жұмыстары туралы таныстырылып, қашықтықтан оқыту форматы болғандықтан электронды «Сенім» жәшігінің іске қосылғаны және өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар мен отбасыларына арналған жедел желі телефондарының нөмірлері хабарланды.

**Қорытынды ұсыныс:**

1. Мектеп оқушылары арасында деструктивті діни идеологияның таралуын болдырмауға бағытталған ақпараттық – түсіндіру іс-шаралары жалғастырылсын;
2. Террористік белсенді аймақтан оралған оқушыны әлеуметтік бейімдеудің жеке жоспары жасалып, кешенді жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп директоры



Бекмағамбетова А.Ж

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары

Султаналина А.Б.

Аманбай А.

мектебінің діни экстремизмнің алдын алуға байланысты 2023-2024оқу жылы бойынша  
атқарылған жұмыстар бойынша  
жылдық қорытынды есебі

Қазіргі таңда терроризмнің алдын алып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды мәселелердің бірі болып отыр.

**Терроризм** - (*terror* - корқыныш, үрей) - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген саясатты атауда қолданылды. "Террор" ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм ретінде "әлсіздің" тарапынан болатын (радикалды саяси, экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни азшылық, діни фанатиктер және т.б.) әрекет түсініледі. Терроризм - ұйымдасқан топ дйттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2022-2023 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары құрылып бекітілді.

Осыған орай біздің мектебімізде

**13.09.22** жылы мектептің мұғалімдері мен 6-11 сынып оқушылары арасында Діни көзқарастарын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

**Жауапты:** Султаналина А.Б, Аманбай А.

**Қатысқан оқушы саны:** 59 оқушы

16жылы Мәдени және діни жан жақтылық,діни экстремизмнің алдын алу мәселесі бойынша жадынамалар таратылды

<https://www.instagram>

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

**Аманбай А.**

**Қатысқан оқушы саны:** 33 оқушы

жылы «Құқықбұзушылықтар мен діни экстремизмнің алдын алу» « Балаға күйзеліс жағдайында психологиялық қолдау көрсету мақсатында ата аналар жиналысы өткізілді.

**Жауапты:** Сынып жетекшілер ;6

**Қатысқан оқушы саны:** 40 оқушы

жылы «Дін тәрбие дінгегі» тақырыбында 6-7-8 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді.

<https://www.instagram>

**Жауапты:** Сынып жетекшілер: 6

**Қатысқан оқушы саны:** 41 оқушы

**29.09.22** жылы 9-10 сыныптар арасында «Теракт қаупі төнгендердің іс әрекеттері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

**Жауапты:** Сынып жетекшілер-2

**Қатысқан оқушы саны:** 15 оқушы

0 жылы «Дін,Саясат» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында түсінік жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram>

**Жауапты:** АӘД пәнімі мұғалімі Нукситов Г.Б

**Қатысқан оқушы саны:** 18 оқушы

**13.10.22** жылы «Хиджаб,паранжа,қысқа балақты шалбар кию,сақал қою» тақырыбында 7-11 сыныптар арасында түсінік жұмыстары барысында видео көрсетілді.

<https://www.instagram>

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

**Қатысқан оқушы саны:** 59 оқушы

жылы «Біз терроризмге қарсымыз» тақырыбында 6-9 сыныптар арасында эссе байқауы өткізілді.

**Жауапты:**сынып жетекші 7

**Қатысқан оқушы саны:** 51

жылы «Дін және экстремизм» тақырыбында 9 сыныпта презентация көрсетілді.

<https://www.instagram/>

**Жауапты:**сынып жетекші : Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**Қатысқан оқушы саны:** 10 оқушы

1 жылы «Теріс діни ағымдар уағызы заңсыз уағыз» тақырыбында 10 сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.

**Жауапты:**сынып жетекші- Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**Қатысқан оқушы саны:** 5

Дәл бүгінгі күні біздің өмір сүріп жүрген ортамыз немесе біздің қоғамда көп адамдар дінді тек мешіттегілер ғана ұстанып, солар ғана уағыздауға тиіс, жалпы дін мәселесі солардың ғана ісі деп ойлайтын сияқты.

Сонымен қатар өлім-жітім кезінде еске түсетін молдалар мен зейнеткерлікке шығып, не істерін білмей екі қолы алдына сыймаған шал-кемпірлер ғана мешітке баруға тиіс, ал біз солардың жасына жеткен кезімізде не боларын көре жатармыз деп өткен кезеннен қалған қасаң түсініктен әлі де толық арылып болмаған адамдар да жеткілікті. Көзі ашық, көкірегі ояу, озық ойлы, білімді, мәдениетті бір сөзбен айтқанда кейінгі буынға үлгі деп жүрген жандардың көбі намаз оқып, ораза ұстауды былай қойғанда мешітке келіп тұрулары да көңіл көншітпейтіні жанға батады.

Адамдық негізгі міндеттерін ұмытпай, Құдайға адал құл бола білгендерді санасы төмен, өресіз, қараңғы қылып көрсеткен кешегі кер заманның ақиқатқа жаққан күйесі әлі күнге дейін толық өшпей келеді.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2022-2023 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары негізінде түсінік жумыстары жүргізіліп отырылады.

Осыған орай біздің мектебімізде

**14.11.23** жылы «Теріс діни ағымдар уағызы заңсыз уағыз» тақырыбында 10 сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.

**Жауапты:**сынып жетекші- Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**Қатысқан оқушы саны:** 5 оқушы

жылы ата-аналарына күмәнді теологиялық оқу орындарының тиімсіздігі және отандық оқу орындарының тиімділігі

Қатысқан ата-ана: 15

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

Аманбай А.

1 жылы ата-аналарына күмәнді теологиялық оқу орындарының тиімсіздігі және отандық оқу орындарының тиімділігі

Қатысқан ата-ана: 116

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**15.02.23** жылы 7 сынып оқушыларымен «Біздің тегіміз түркі, дініміз ислам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

**Мақсаты:** Қазақстандағы ислам дінінің шығу тарихы, ислам дінінің ғылымға, мәдениетке мәдени ескерткіштердің дамуына әсері туралы айту.

**Сыныбы:** 7

**Қатысқан оқушы саны:** 14

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

Аманбай А.

1 жылы 10 сыныпта «Дін дінсіздікке бастамасын» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

**Мақсаты:** ислам діні туралы, мұсылмандықтың бес парызы туралы ұғындыру имандылық туралы түсінік беру адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

**Сыныбы:** 10

**Қатысқан оқушы саны:** 5

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

Аманбай А.

24.0 жылы 6 сынып оқушылары «Дін және қоғам» тақырыбында сурет көрмесі өткізілді.

**Мақсаты:** Діннің тарихын, мәнін және қоғамда алатын орынын түсіндіру, адамгершілікке имандылыққа тәрбиелеу.

**Сыныбы:** 6

**Қатысқан оқушы саны:** 17

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

Аманбай А.

2 жылы 8 сыныпта «Дін туралы не білеміз?» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

**Сыныбы:** 8

**Қатысқан оқушы:** 1

**Жауапты:** : Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**Орындаған:** : Султаналина А.Б.

Аманбай А.

**«Мектеп түлектеріне ата-аналарына күмәнді теологиялық оқу орындарының тиімсіздігі және отандық оқу орындарының тиімділігі туралы түсіндіру жұмыстары туралы»**

Анықтама

Дәл бүгінгі күні біздің өмір сүріп жүрген ортамыз немесе біздің қоғамда көп адамдар дінді тек мешіттегілер ғана ұстанып, солар ғана уағыздауға тиіс, жалпы дін мәселесі солардың ғана ісі деп ойлайтын сияқты.

Сонымен қатар өлім-жітім кезінде еске түсетін молдалар мен зейнеткерлікке шығып, не істерін білмей екі қолы алдына сыймаған шал-кемпірлер ғана мешітке баруға тиіс, ал біз солардың жасына жеткен кезімізде не боларын көре жатармыз деп өткен кезеннен қалған қасаң түсініктен әлі де толық арылып болмаған адамдар да жеткілікті. Көзі ашық, көкірегі ояу, озық ойлы, білімді, мәдениетті бір сөзбен айтқанда кейінгі буынға үлгі деп жүрген жандардың көбі намаз оқып, ораза ұстауды былай қойғанда мешітке келіп тұрулары да көңіл көншітпейтіні жанға батады.

Адамдық негізгі міндеттерін ұмытпай, Құдайға адал құл бола білгендерді санасы төмен, өресіз, қараңғы қылып көрсеткен кешегі кер заманның ақиқатқа жаққан күйесі әлі күнге дейін толық өшпей келеді.

Мектебімізде Діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған 2022-2023 оқу жылына арналып іс шаралар жоспары негізінде түсінік жұмыстары жүргізіліп отырылады.

**Жауапты:** сынып жетекші - 7  
**Қатысқан оқушы саны:** 30

жылы ата-аналарына күмәнді теологиялық оқу орындарының тиімсіздігі және отандық оқу орындарының тиімділігі

**Қатысқан ата-ана:** 15

**Жауапты:** Султаналина А.Б.

жылы ата-аналарына күмәнді теологиялық оқу орындарының тиімсіздігі және отандық оқу орындарының тиімділігі

**Қатысқан ата-ана:** 13

**Жауапты:** Аманбай А

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Султаналина А.Б.  
 Аманбай А.